



ТӨЛЕБИ ТҰЫ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ



№15 (8775) Жұма, 18 сәуір 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Қоғамдық кеңес комиссияларының құрамы

Төлеби аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылғы 28 наурыздағы шешімімен 4 комиссия құрылып, олардың мүшелері бекітілді.

1. Төлеби аудандық Қоғамдық кеңесінің тұрғын үй қатынастары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым, инженерлік коммуникация мәселелері жөніндегі комиссия құрамы:

төраға: Ә.Әбдіхалықов.

мүшелері: М.Құрбанқұлов, Л.Асанова, Б.Әбек, А.Абдукаримов.

2. Төлеби аудандық Қоғамдық кеңесінің бюджет, әлеуметтік-экономикалық даму, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру, мәдениет пен спортты дамыту, денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құрамы:

төраға: А.Таширов.

мүшелері: М.Бименов, Г.Байзакова, Ж.Нышанов, А.Сахов.

3. Төлеби аудандық Қоғамдық кеңесінің туризм, кәсіпкерік пен ауыл шаруашылығын дамыту, ветеринария, аумақтық инспекция саласы, төтенше жағдайлар, экология, жер қатынастарын реттеу мәселелері жөніндегі комиссия құрамы:

төраға: Н.Қазахбаев.

мүшелері: А.Исабек, Қ.Жалбиев, А.Урманшиков, Ж.Нысанбаев.

4. Төлеби аудандық Қоғамдық кеңесінің сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл мәселелері, қоғамдық бірлестіктер, халыққа қызмет көрсету саласы, құқық, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, мемлекеттік ақпараттандыру саясаты, өкілеттілік пен этика, діни ахуал, этно-мәдени қатынастар және жастар саясаты мәселелері жөніндегі комиссия құрамы:

төраға: Ә.Рахманқұлов.

мүшелері: П.Калиева, Н.Жүнісов, Е.Табылдиев, Е.Майлыбаев.

Өткен аптада аудан әкімі Е.Әлімқұловтың 2 сәуірдегі №111 өкімімен Төлеби аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Жұмабай Ғаппарұлы Абдиев өз қалауы бойынша берген өтінішіне байланысты атқарып келген қызметінен босатылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы деректерге сүйенсек, кадрлық өзгерістер ауданда алдағы уақытта да жалғасын табатын сияқты.

Арқада қыс жайлы болса...

Себебі, мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың бастамасымен құрылып жатқан Әділетті Қазақстанның басты мақсаты – құқықтық мемлекет қалыптастыру ғой. Демек, қазір қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығы тең құқылы азаматтардың ҚР Заңдарын, ережелері мен нормаларын қатаң сақтауы «Заң мен тәртіп» қағидасының негізін қалауға тікелей ықпал етуі тиіс. Сол себепті төлебиліктер ауданға келген жаңа басшыға үлкен үміт артып, оның бастамаларына қолдау білдіруде. Ендеше, аудандағы түрлі мекемелерде болып жатқан ірілі-ұсақты кадрлық ауыс-түйіс те осы мақсатта жасалып жатқан болар.

Әділетті Қазақстан құру жолында кездескен кедергілерді жою үшін батыл шешімдер қабылдануы ҚР Заңдарына құрметсіздік танытып, оны аяққа таптаған ескі шенеуніктердің айналасындағы ақжағалы үркердей топтың сойылын соғушылар мен жосықсыз жағымпаздардың өз жымысқы саясаттарын мемлекет басшысының саясатынан жоғары қойып келгендерге тықыр таянғанын сездіреді ғой деп сенеміз!

«Төлеби-ақпарат».

Жалпыаудандық сенбілік өтті



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының «Жасыл толқын» шеңберінде жалпыаудандық сенбілік ұйымдастырылды.

Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов бастаған мемлекеттік қызметшілер, еріктілер, жастар Сайрамсу

өзені жағалауын күл-қоқыстан тазартты. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және аудан аумағын абаттандыру мақсатында өткен сенбілікке 300-ге жуық адам қатысты.

Ігі шараға атсалысқандар 18 шақырым өзен жағалауын шыны, пластикалық бөтелкелерден, тұрмыстық қалдықтардан тазартты. Тазалық шарасына 10 техника жұмылдырылып, 5 тонна қоқыс арнайы орынға жеткізілді.

Сондай-ақ аудан халқы тұрғылықты мекен-жайларындағы балалар ойын алаңшалары, ішкі көшелер, саябақ, аллеяларда тазалық шарасын жүргізді. Еріктілер, жастар аудандағы су қорғау аймақтарын, өзен жағалауларын, жол жиектерін күл-қоқыстан арылтты. Бұдан бөлек аудандық, облыстық маңызы бар жол бойларына көшеттер отырғызылып, құраған талдар кесіліп, өктелді.

«Төлеби-ақпарат».

Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылғы 10 сәуірдегі №294 ж/қ бұйрығымен **Нұрдаулет Суннаттуллаұлы ӘБЕН** 2025 жылғы 11 сәуірде Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Төлеби аудандық



Тағайындау

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Нұрдаулет Суннаттуллаұлы 1993 жылғы 30 наурызда қазіргі Түркістан облысының Қазығұрт ауданында дүниеге келген. 2016 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша, 2018 жылы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2016 жылғы 4 қарашада ОҚО Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Қазығұрт аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасында жетекші маманның міндетін атқарушы болып бастаған. 2017-2019 жылдары Қазығұрт аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы; 2019-2020 жылдары Қазығұрт аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы; 2020-2021 жылдары Қазығұрт аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мемлекеттік қызмет көрсету және цифрландыру бөлімінің басшысы; 2021-2024 жылдары Қазығұрт аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарған. 2024-2025 жылдар аралығында Сайрам аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары, Отырар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы лауазымдарында еңбек еткен.

«Төлеби-ақпарат».

Тыңайтқышпен қоректендіруде

● Көктемнің күні – жылға азық

Бірінші Мамыр ауылдық округіндегі Қазыбек Мұздыбаев басшылық жасайтын «Ақбұлақ» өндірістік кооперативінің диқандары өткен күзде күздік егісті орталықтан жырақ тау баурайы Майбұлақтағы 83 гектар егістік алқаптан бастап, жауапты науқанды ауыл маңындағы танаптарда жалғастырған болатын. Ақбұлақтықтар барлығы 320 гектарға күздік бидай егіп алды.

Шаруашылық механизаторлары биылғы көктемгі дала жұмыстарына қар өріп, жер дегдісімен

әрбір ашық күнді ұтымды пайдаланып, шұғыл кірісіп кетті. Диқандар наурыз айының алғашқы күндерінен алқап басына шығып, 189 гектарға арпа, 45 гектарға мақсары, 35 гектарға жоңышқа егіп үлгерді.

– Көктемгі егіске механизаторларымыз Әділбек Медетбеков, Жұмахан Беделбеков, Әлібек Нояқов, Бадыр Туфанов, Вахитжан Сатымбеков қатысып, арпа мен мақсары, жоңышқа егуді орталық маңындағы алқаптарда жалғастырды. Бүгіндері өккен дөніміз көктеп шығып, минералдық

тыңайтқышпен үстеп қоректендіруге кірісіп кеттік. Бүгінге дейін 300

гектар селитрамен қоректендірілді. Алдағы күндерде 200 гектар егіске минералдық тыңайтқыш себеміз, – дейді шаруашылық басшысы Қ.Мұздыбаев.

Ақбұлақтықтар өткен жылы гектар түсімділігін арттырып, ауыл шаруашылығы жылының қорытындысы бойынша ауданда үздік атанған болатын. Диқандар биыл да берекелі өнім жинайды деген сенімдеміз.

О.ЗАҒАМБАР.

«Ақбұлақ» өндірістік кооперативі.
Бірінші Мамыр ауылдық округі.

Бапталмаған тұлпар бәйге алмайды

«...Әрбір облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Оның орындалуын тексереміз. Сонда ғана біз бүкіл әлемге танымал әрі әлеуметтік бұқаралық спорт саналатын осы ойынды жоғарғы деңгейге көтере аламыз. Балаларды, жасөспірімдерді футболға қызықтыру арқылы лудомания, нашақорлық мәселесін біршама шешуге болады. Осы салаға жауапты министрлік, футбол федерациясы, жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлер клубтық футболды коммерцияландыруға нақты кірісуі керек.

Клубтар облыстық бюджеттерге ғана арқа сүйемей, шетелдердегі сияқты табыс табуды үйренуі керек...».

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінен).

Біздің ата-бабаларымыз ұл-қыздарын ес білгеннен бастап түрлі ұлттық ойындар арқылы қырандай баптап, жалына қол тимеген асауды үйреттіріп шынықтырған. Қазақ тай жарыста, құнан жарыста, жорға жарыста, аламан бәйгеде тізгінді балаларына ұстатқан.

Тұлпарларымен желдей жүйткіп бара жатып садақ тартудың нағыз шебері болған біздің бабаларымыз. Ұлы да, қызы да ес білгеннен бастап садағын шірене тартқан. Ат үстінде тақымдарына серке басқанға дейін саятшылыққа шығып, көк бөріні көкпар етіп, ұлы даласын тұлпарларының дүбіріне бөлеген. Жігіттері аударыспақ ойыны арқылы ат үстінде бір-бірінің білек күшін сынаған. Ат үстінде

желдей жүйткіп бара жатып, жерде жатқан теңгені іліп, ептілікке үйренген. Қазақтың тойлары палуандар күресінсіз өтпеген. Желаяқтарының жарысы да аңыз болып, біздің заманға жеткен. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі спорт түрлерінің дені біздің бабаларымыздан бүкіл әлемге тараған десек, қателеспеген болар едік.

Мұның бәрін еске алуымның себебі, қазақтың жігіттері мен қыздарының қазіргі заманда да қандай спорт түрінен болсын әлемдік додаларда, олимпиада ойындарында топ жарып, әнұранымызды аспанда қалқытып, көк байрағымызды көкте желбіретуге, қазақтың қанында бар намысын қолдан бермеуге көп мүмкіндіктері бар. Туа біткен тұлпардың нағыз өзі болса да, бабын келістіріп баптамаса, бәйгеге қосқанда бәрінен озып келмейді. Қобыланды батыр жырындағы Құртқа апамыз баптаған Тайбурыл тұлпардың қырық күндік кемдігінің қиын кезде білініп қалуы да нағыз өмір шындығы.

Соңғы олимпиада ойындарында біздің қазаққа жалғыз алтын бұйырып, үміт күткен, сенім артқан спортшыларымыздың жүлдесіз оралуының себебі де бабының келіспегенінен болғаны айдан анық. Меніңше, қазақ спортын дамытуды ауылдан бастағанымыз абзал. Ауыл балаларын өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануына жағдай жасалғаны жөн. Бұл сөзімізге дәлел келтірудің қажеттілігі жоқ. Жақсылық Үшкемпіров, Бекзат Саттарханов сияқты қазақтың даңқын бүкіл әлемге таратқан көптеген қазақ спортшыларының ауылдан шыққанын білесіздер.

Осы орайда тағы да айтпағым бар. Тұлпар тізгіндеп, көкпар тартқан, Қажымұқан, Балуан Шолақ аталарымыздай жауырыны жер иіскемеген қазақ ел намысын бәрінен биік қойған баба-

ларымыздың бүгінгі ұрпақтарының әлі күнге дейін дұрыстап доп тебе алмай жүргенін, іріктеу ойындарында қарсыластарынан тізе бүгіп, Европа мен әлемдік чемпионатқа шыға алмауының өзі де баптарының келіспегендігінен, жігерсіздігінен екені көрер көзге байқалып жүр.

Мемлекет басшысы айтқандай, Қазақстанда спортты дамытуда шет мемлекеттердің тәжірибесіне арқа сүйегеніміз артық болмас деп ойлаймын. Әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттерді сөз етпегенде, дамушы елдердің өзінде қандай да бір спорт түрі болсын оны дамытуға жете көңіл бөліне бастағанын әлемдік спорт жарыстарында көріп, көз жеткізе бастадық.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде елімізде футболды дамытуға жете назар аударылу керектігіне тоқталуының терең мәні бар. Бурабайдағы төртінші Ұлттық құрылтай отырысында: «...мен кәсіпкерлерді клубтық футболға бизнес ретінде қарауға шақырамын. Футбол клубтары жекеменшікке өтпей, іс алға баспайды. Бұл – әлемдік тәжірибе. Клубтар жекеменшік болса, шетел спортшыларын шақыру құқығына ие болады.

Спортты насихаттау, оны өсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі. Кейінгі жылдары мемлекет қолдауының нәтижесінде балалар спорты қарқынды дами бастады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Сондай-ақ бизнес өкілдері өскелең ұрпақты дене шынықтыруға және спортқа баулу ісіне зор үлес қоса алады деп ойлаймын...», – деген сөзінде терең мән бар.

Осы орайда бүкіл республикамызда



ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ

қазақ спортын дамыту жолындағы бүгінгі көзқарасты, қалыптасқан жағдайды тап басып айта алмаймын. Шындықтың бетіне тура қарасақ, тап қазір біздің аудан аумағында қалталы бизнес өкілдерінің арасынан балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға құлшынып шығып, білек сыбана кірісетіндердің табыла қоюы екіталай. «Ештен кеш жақсы» дегендей, алдағы жылдарда бұл үмітіміз ақталып жатса, соның өзіне шүкіршілік етер едік.

Ауыл мектептерінде доп қуып жүрген, кілемге шығып белдескен балалар арасында болашағынан мол үміт күттіретін намысшыл, талантты балалар мен жасөспірімдер аз ұшыраспайды. Біз баптаған балғын шәкірттер арасында түрлі деңгейдегі жарыстарда жеңімпаз, жүлдегер атанғандары жетерлік. Аудан мектеп оқушылары арасында жекелеген спорт түрлерімен қатар футболдан да жарыс ұйымдастырылып жүр. Сол жігерлі балалар мен жасөспірімдердің қанаттарын қырандай қатайтып, нағыз тұлпардай баптап шығару үшін заман талабына сай спорт алаңдары мен кешендері, стадиондар қажет. Балаларымызға, барша мүмкіндіктер жасалынбайынша, қазақ жігіттері мен қыздарының арасынан әлемдік спорт бәсекелерінде жеңімпаздар шығаруымыз екіталай. Бұл ақиқатты мойындағанымыз жөн.

Т.МЕДЕШОВ,

Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектептің дене тәрбиесі пәні мұғалімі.

Туризмнің халыққа берері көп

Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында елімізде туризмді дамыту жөнінде келелі әңгіме өрбіді. Әлемде туризмді Франция, Монако, Италия, Түркия мемлекеттері мен Үндіқытай, жекелеген араб елдері берекелі табыс көзіне айналдырып отыр. Біздің Төлеби ауданының тұрғындарының көпшілігі шет мемлекеттерге шығып, көршілес аспан елі Қытайға, Монғолияға, Дубайға, Тайландқа барып, ел көріп, жер көріп қайтып жүр. Бүгіндері шет мемлекеттіктерді біздің Қазақстан да қызықтыра бастады. Түркістанға туристер жиірек келе бастады. Берісін айтқанда, шетелдіктер біздің таулы аймақ Төлеби ауданына сирек те болса, ат ізін салатын болды. Оларды Өгем тау жоталары мен Сусіңген көлі сияқты табиғаты көркем жерлер қызықтырады.

Шет мемлекеттен келген туристерді біздің табиғатымызбен қатар, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларынан бастап, мемлекеттік тілі, ұлттық дәстүрі мен салты, ұлттық тағамдары, мәдениеті, сондай-ақ жануарлар, өсімдіктер дүниесі қызықтыратыны сөзсіз.

Біздің аудандағы жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне келсек, ондай ғажаптарды мемлекет тарапынан қорғауға алынған «Ақсу – Жабағылы» ұлтық қорығы мен «Сайрам-Өгем» ұлттық паркі аумағынан ғана кездестіруіңіз мүмкін. Бұрындары ауыл маңын сәнге бөлеп өсетін Грейт қызғалдағы мен жауқазындарды бүгінде емге таппайтын болдық. Қызыл кітапқа енген басқа өсімдіктер дүниесінің тұқымы да біртіндеп жоғалып барады. Соңғы жылдары Қасқасу, Біркөлік, Қазығұрт сияқты таулы аймақта тұратын ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым, шабындық таппай, төрт түлігін асыраудан безіне бастады. Оның бір ғана себебі – саяжайлар мен туристік нысандар салушылардың жергілікті табиғи құндылықтарымызды сақтап қалуға мән бермеушілігінен, экологиямызға зиян келтіруінен, «Бір тал кессең, он тал ек» дегендей қағиданы ұстанбауынан болып отыр. Туризмді дамытудың өзі тазалықты, мәдениеттілікті, қонақжайлылықты сақтаудан бастау алатындығына әлі де болса онша мән бермей жүрген сияқтымыз.

Біздің Төлеби аграрлық аудан болғандықтан, туризмді дамытуда ауыл шаруашылығы саласы, мал өсіріп, жер емген ауыл тұрғындары ешқандай зардап шекпеуі тиіс. Таудан бастау алатын су көздеріне қамқорлықпен қарап, қорғауға алғанымыз абзал.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда: «...Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Мамандарды даярлау қажет. Табиғи байлығымен, жан-жануар дүниесімен бүкіл әлемге танымал еліміздің биологиялық әралуандығын қорғау айрықша маңызды міндетке айналды. Кеше жұмыс секциясы кезінде «Ауыл» партиясының өкілдері киіктер туралы мәселе көтергенін білемін. Аймақтардағы шаруалардан да осыған қатысты өтініш-хаттар келіп жатыр. Рұқсатсыз заң аулағандарға жазаны күшейту үшін менің бастамаммен 2019 жылы заңнамалық шаралар қабылданды. Осы және басқа да жан-жақты шаралардың нәтижесінде елімізде киік саны күрт артты. Қазір оларға жойылып кету қаупі төніп тұрған жоқ.

Бірақ енді басқа мәселе туындады. Ауыл шаруашылығы зардап шегіп жатыр. Эпизоотиялық ахуалдың да күрделеніп кету қаупі бар. Жалпы экожүйеге түсетін салмақ артты. Үкіметке билікті мамандарды жұмылдыра отырып, осы мәселені жан-жақты зерделеуді және байыпты шешім қабылдауды тапсырамын...», – деп атап өтті.

Саны көбейіп кетіп, жұқпалы ауру таратуы мүмкін деп алаңдаушылық туғыза бастаған Қазақстанның өзге өңірлеріндегі киіктер біздің таулы аймаққа келіп, зиянын тигізе қоймас. Сондықтан бізге қауіптенудің қажеті жоқ. Төлеби ауданы тұрғындарының ең басты міндеті – туған жеріміздің көркем табиғатын, өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемін көздің қарашығындай сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа қаз қалпында аманаттау. Туған жеріміздің өсем табиғатын аялап, ауылдарымызды көркейтіп, гүлдендіре түссек, еліміздің өзге өңірлері мен шетелдік туристер киелі мекенімізге шақырусыз-ақ ағыла беретіндігіне ешқандай күмән жоқ.

М.ТИЛЕУБЕРДІ,
зейнеткер.

Тасарық ауылдық округі.

Елдегі ең өзекті мәселелерді қозғайтын Ұлттық құрылтай өткізу дәстүрге айналды. Халықтың көкейінде жүрген ойлар көпшілік талқысына салынып, оңды шешімін тауып жатса, бұл өте ғанибет. Бар өмірін білім саласына, бала тәрбиесіне арнаған ұстаздар қауымы Абылай ханның ақ туы тігілген Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысына ерекше назар аударғаны анық. Осы келелі басқосуда бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, білім сапасына қатысты тағы да әңгіме қозғалды. Бұл түсінікті де. Себебі, бала тәрбиесінің өзі еліміздің бүгінгі мен болашағына тікелей қатысты.

Бала тәрбиесі – бәрінен маңызды

Естеріңізде болса, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда: «...Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды. Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарлама қабылдау – істің басы ғана. Енді қарарған құжатты еліміздің барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік білім ошақтары да басшылыққа алуы тиіс. Себебі тәрбие жұмысына балаларды түгел қамту қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін», – деп атап өтті.

Жасыратыны жоқ, елімізде ұстаздар қауымынан бүгінге дейін ең алдымен білім сапасы талап етіліп, бала тәрбиесі назардан тыс қалмаса да ұстаз еңбегі білім сапасымен ғана өлшенді. Ата-аналар да осындай көзқараста болып келді. Таразының бір басы тым ауыр тартып бара жатқанына онша мән бермедік, тең ұстай алмадық, мұны мойындауымыз керек. Мемлекет басшысының ұлы бабамыз Әл-Фарабидің тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы екендігін еске салуының өзінде терең мән бар. Өңімінен ашығына келсек, тәрбиелі, өнегелі шәкірттердің білімге деген құштарлығы жоғары болатынын ұстаз ретінде көпжылдық тәжірибемен өте жақсы білемін.

Мектепте сынып жетекшілерімен қатар әрбір пән мұғалімі ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасап, ұл-қыздарымызға ұлттық дәстүрімізге, салтымызға сай тәрбие берсе ғана, болашағымыздың берік негізін қалай аламыз. Осындай келелі басқосуда көтерілген ең өзекті мәселелердің бәрі сөз жүзінде қалып қоймай, дер кезінде жүзеге асырылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Б.СҮЛЕЙМЕНОВ,

Момынай жалпы орта мектебінің директоры.

Биыл бүкіл Ел болып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтудеміз.

Жеңіс! Бұл біздің батыр ата-ағаларымыздың және апаларымыздың арқасында қол жеткізген бақытымыз!

– Ия соғыс ешкімді аяған жоқ және еш уақытта

Менің батыр нағашыларым

аямайды, оның дәлелі мынау статистика. Екінші әлемдік соғыста 48 млн адам көз жұмды, оның ішінде тек бұрынғы Совет Одағынан 27 млн адам қаза тапты. Сол кезде Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам соғысқа

жетім балаларды өз отбасына алып, қамқорлық жасаған. Осы күнге дейін ауылдың қарттары Оразовтар әулетінің жақсылығын ұмытпайды.

1941 жылдың 22 маусымында соғыстың басталғаны жайлы бүкіл елді дүр сілкіндірген хабар сол кездегі

Көксәйек ауылының тұрғындарына да төбеден жай түскендей әсер етті. Ел басына ауыр күн туғанда әкеміз Шамсия Балтабайқызы Ораз бабамызбен, 5 перзентімен өмір сүріп жатыр еді. Ер азаматтармен бірге Ораз

Осылайша Оразовтардың отбасы соғыс аяқталмай жатып 7 адамнан айырылады да, Шәмсия әже 70-тен асқан шағында кенжетай қызы Машан және немерелері 10 жасар Әбдіқаһар мен 5 жасар Шәрипамен отбасында қалады. Әжемнің көрген қиыншылығын айтпай-ақ түсінуге болады.

Еңбек жолын өрте бастаған біздің анамыз Машан және Ораз бабасындай, әкесі Айтымбеттей еңбексүйгіш нағашымыз Әбдіқаһар, барлық қиыншылықтарды жеңіп шықты. Анамыз Машан 40 жылдан аса бір колхозда қызмет етті. Ел арасында абыройлы болды. 1948 жылы анамыз Машан әкеміз Тұрашбеков Құрбанәлімен отбасын құрып, 5 ұл және 3 қыз дүниеге әкелді. Әкеміз Құрбанәлі 1977 жылы қайтыс болды.

Өз ағаларын майданға шығарып салған анамыз төртеуінің де «Біз жеңіспен қайтамыз» деген сөзін кешегі күнге дейін айтып жүрді. Ағаларының соғыста қайтыс болғанына сенбей, оларды ұзақ күтті. Анамыз Машан немере, шөбере және шөпшек көріп, 2015 жылы дүние салды.

Балалық шақта бір есте қалған нәрсені айтқым келеді. Өздеріңізге белгілі Кеңес Одағы кезінде 9 мамыр – Жеңіс күні керемет аталып өтетін. Әр үйде жақсы дастархан жайылып, мереке болатын. Бірақ біздің анамыз сол күні қатты қайғыға берілетін. Қонақтар кеткенде өзі отырып қатты күрсініп, жылап алатын. «Соғыстан ағаларым аман-есен оралғанда қанша шаңырақ болар еді» деп анамыз арман етіп айтып отыратын. Біз оны балалықпен түсінбеппіз.

Көкіректегі бір өкінішім сол, анамның көзі тірісінде, анамның ағалары туралы жақсы бір материал жазбаппын.

Ал Айтымбет атамыздың баласы – Айтымбетов Әбдіқаһар 1960 жылы Алтынбекова Шара Садыққызымен отбасын құрып, төрт перзентті көріп, олардан 10 немере және 6 шөбере сүйді. Қызы Шәрипа күйеуі Тастемір Ділдабековпен көпбалалы отбасы болды, «Алтын алқа» иегері атанды.

Міне, мен сіздерге қысқаша бір Оразовтар отбасының өз бастарынан соғыстың зардабын көшкенін жеткізгім келді. Бұл зардапты Қазақстанда тұрып жатқан мыңдаған отбасы көрді ғой.

Қайран, өмір-ай! Майданға аттанып бара жатқан 18 бен 50 жас аралығындағы отандастарымыздың ешқайсысы да соғыста қаза табамын деп ойлаған жоқ. Олардың арманы сүйген елін, өз Отанын қорғап, жеңіспен отбасыларына, туған еліне қайту ғана еді-ау.

Бірақ көбісінің бұл арманы орындалмады. Сұм Соғыстың заңы қатал.

Мен нағашыларымды батыр деп санаймын, олар өлімнен қорықпай, елімізді жаудан сақтап қалу үшін күресті, біздің бейбіт өмір сүруімізге жағдай жасады.

Соғыс және еңбек майданында аянбаған аталарымызды, аналарымызды және әкелерімізді мақтан тұтайық.

Олардың жанкешті ерлігінің арқасында бейбіт өмір сүріп келеміз.

Сондықтан да біз Отанымызды солар секілді шексіз сүюге міндеттіміз!

Әбдіжаппар ТҰРАШБЕКОВ,
философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдасқан профессор,
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университеті,
Төлеби ауданының Құрметті азаматы.



Оразұлы Айтымбет
(1912 – 07.1942 ж.ж.)



Оразұлы Мұрат
(1916 – 09.1942 ж.ж.)



Оразұлы Үсіпахмет
(1919 ж. – белгісіз)

қатысты, бұл біздің сол кездегі ел тұрғындарының 20 пайызы еді. Соғыс кезінде 600 мың қазақстандық құрбан болды, оның 350 мыңы қазақтар болатын.

Сол уақытта өмір сүрген адамдардың тағдыры өте қиын болды. Азамат соғысының зардабы енді-енді қайтайын дегенде, ашаршылық пен күшпен коллективизациялаудан енді құтылған. Ал көз алдынан әлі 1937 жыл кеткен жоқ еді.

Осы тарихи уақытты бүкіл қазақстандықтармен бірге өткізген, менің нағашы аталарым – Оразовтар отбасы еді. Ораз бабамыз бен Шәмсия әкеміз қазіргі Төлеби ауданы Көксәйек ауылында өмір сүрген. Еңбексүйгіш, қарапайым Ораз бабамыз бен әкеміз өз балаларын еңбекке баулыды.

Ең үлкен ұлы Оразов Айтымбет 1912 жылы туған. Айтымбет атамыз «8-март» колхозының құрылуына белсене қатысқан, колхозда алдыңғы қатарлы тракторист-комбайнер болған.

Екінші ұлы Оразов Мұрат 1916 жылы туған. Үшінші ұлы Оразов Үсіпахмет 1919 жылғы. Төртінші ұлы Оразов Молдахмет 1920 жылы туған. Бесінші перзенті, біздің анамыз Оразова Машан 1922 жылы дүниеге келген. Бәрі де сол кездегі колхоздың қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген, абыройлы азаматтар болған.

Оразовтар отбасы бүкіл Көксәйек елді мекеніне белгілі еді. Өздерінің бау-бақшасы және мал шаруашылығын адал еңбектерімен жақсы жолға қоя білген екен. Сол кезде олар бірнеше отбасына өз көмегін тигізген және

бабамыздың балалары бірінен кейін бірі майданға аттанды.

Бірінші болып үлкен ұлы Айтымбет әскерге шақырылды. Соғысқа дейін отбасын құрып үлгерген Айтымбет атамызға Анар апамыз екі перзент дүниеге әкелді, ұлы Әбдіқаһар 1935 жылғы, қызы Шәрипа 1940 жылғы.

Анамыз Машанның айтуынша, ол өз ағасын Шымкентке дейін шығарып салған. Ол кезде өгіз арбамен Көксәйектен Шымкентке дейін 6-7 сағат жүреді екен. Айтымбет атамыз қарындасы Машанға «Сен үлкен қыз болдың, ағаларыңды әскерге алып кетсе, сен анаңа көмекші бол, кішкентай бауырларыңды жақсы тәрбиеле, біз соғыстан жеңіспен қайтамыз» деп айтып кеткен екен.

Айтымбет атамыз 7-ші кавалериялық корпусың 7-ші ротасында Сталинград майданында соғысқаны туралы бірнеше хат келген.

Айтымбет атамыздан кейінгі інілері Мұрат, Үсіпахмет пен Молдахмет отбасын құрып үлгермеген еді. Хат пен суреттері тек Айтымбет және Мұрат аталардан келген. Ал Үсіпахмет пен Молдахметтен ешқандай хабар болмаған екен.

1943 жылдың 2-3 айында Оразовтардың төртеуіне де «қара қағаз» келеді. Бәрінде де «Ваш сын пропал без вести ...» делінген. Осы қайғыны есіткен Ораз бабамыз құсадан қайтыс болды. Өзінің жарының және оның үш бірдей боздақ інілерінің «қара қағазын» көріп Анар апамыз да көп ұзамай өмірден өтті.

Біздің қатарластарымыздың әкелелері, ағалары Ұлы Отан соғысына қатысқандықтан, бала кезімізден олардың өз бастарынан өткерген оқиғалары туралы әңгімелерін естіп, тыңдап өстік. Мектеп бітірген соң кейбір майдангер ағаларымызбен бірге жұмыс істедік. Бәрі бірдей соғыста өз бастарынан өткергендерін кітаптағыдай етіп баяндап бермесе де, талай рет ажалдан аман қалғандарын еске түсіретін. Шындығын айтқанда, сол майдангерлердің арасынан кеудесіне орден мен медаль таққандары болса да, өзін нағыз батыр етіп көрсеткендерін көрмеппін. «Жалаңаш барып жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің», – демекші, олар сол қан майданда талай боздақтар сияқты қанға бөгіп ажал құшпай, елге аман оралғаны үшін Алла Тағаламыздың құдіретіне шүкіршілік ететін.

Адам қырғынының көптігі жөнінде бұрын-соңды тарихта болмаған Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Кеңестер Одағының Батыры деген ең жоғарғы құрметті атақ 1934 жылы белгіленіп, Ұлы Отан соғысы кезінде 11695 адам батыр атанды. Соғыс жылдары нағыз ерлік көрсеткен 103 қазақ осы атақты иеленді. Соғыс жылдары Қазақстаннан шет жерде тұратын, басқа республикадан майданға аттанған кейбір

қазақ жігіттері бұл жоғарғы атақты иеленгенімен, ұлты өзгертіліп жазылып, сол елдің батырларының бірі болып есептеліп кеткенін де ұмытпағанымыз жөн. Бір ғана мысал, өзбектер еншілеп алған генерал Сабыр Рахымовты Ұлы Отан соғысынан кейін талай жыл өткеннен кейін айтысып-тартысып жүріп, әрең дегенде қазақ екенін дәлелдедік. 1919 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында өмірге келіп, соғыс басталғанда Өзбекстаннан әскерге шақырылған қазақтың тағы бір баласы Кеңестер Одағының Батыры атанғанымен, оны да өзбекстандық ағайындар өз батыры ретінде иеленіп келді. Түркіменстаннан майданға аттанған батырларымыз тағы бар.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы, ұшқыш Бақтораз Бейсекбаев соғыста Николай Гастеллоның ерлігін қайталааса да ерлігі сол кездері еленбеді, Құдайберген Сұрағанов сияқты батырларға да ең жоғарғы атақ кешіктіріліп болса да берілді. Сол сияқты соғыстан кейінгі жылдары қазақтың тұңғыш ғарышкері, сынаушы ұшқыш Тоқтар Әубәкіров, ауған соғысының ардагері

тағы бір ұшқышымыз Қайырболат Майданов Кеңестер Одағының және Ресей батыры атанды. Өкінішке орай, Шешенстандағы соғыста қаза тапты.

Қолда бар нақты дерекке сүйенсек, Ұлы Отан соғысы жылдары нағыз ерліктің үлгісін көрсеткен 133 қазақ жауынгері мен офицері осы ең жоғарғы атаққа ұсынылғанымен, ұлтшылдық көзқарасты ұстанатын, орыстардан өзгені менсінгісі келмейтін жоғарғы жақтағылардан қолдау таппай, оларға медальдар мен ордендер ғана бұйырған. Алысқа бармай-ақ қоялық, біздің білгеніміздей, Ұлы Отан соғысы жылдары Төлеби ауданының 4 қазағы Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылып, бұл құрметті иелене алмаған. Сөзіміз құрғақ болмауы үшін бірер мысал келтіре кетелік. 128 фашист офицері мен жауынгерінің көзін жойып, 72 мерген дайындаған Зейтін Байжаноқа, 215 фашисті жалғыз оқпен сұлатқан сұрмерген Әбдіқалық Қадуловқа бұл жоғарғы атақ лайықты деп табылғанымен, орден ғана бұйырыпты.

Алматы облысынан майданға аттанған Мінайқұл Сағындықов бір рет емес, екі рет Кеңестер Олағы Батыры атағына ұсынылса да, жоғарғы жақтағылар «бұл

қазаққа батыр атағын емес, орден берсек те жетеді» деп шешім қабылдап, екі мәрте де оған

«Қызыл ту» орденін тағыпты.

М.Сағындықов 1944 жылы 1 тамызда арғы жағалауда жау оқ боратқанда, қайықпен өзеннен бірінші болып өтіп, шабуылға жол ашады. Ол тап осы күнгі сұрапыл шайқаста өзеннен 42 рет әрі-бері өтіп нағыз батырлық көрсетеді. 1944 жылдың 8 тамызы күні ең жоғарғы атаққа ұсынылғанымен, бұл атақты бұйыртпай, орден беруді лайық деп табады.

Ол 1945 жылдың 31 наурызында Висла өзенінен өтер кезде де тап осындай батылдық танытып, шабуыл кезінде ысқырған оқтың астында өзеннен қайықпен 7 рет әрі-бері өтеді, бұрынғы ерлігін екінші рет қайталайды. Осы батылдығы үшін тағы да батыр атағына ұсынылғанымен, бұл жолы да ерлігі «Қызыл ту» орденімен бағаланады.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін 1941 жылы 22 шілдеде неміс фашистері ұшқыштары алғаш рет Москва қаласын бомбалады. Кеңестік империя басшысы әрі Кеңестер Одағының бас қолбасшысы И.В.Сталин басқыншылардың бұл шабуылына жауап ретінде Германияның астанасы Берлин қаласын бомбалауға арнайы тапсырма береді.

(Жалғасы 7-бетте).

Талай қазақ ерлігі еленбеген

Қалжыңы мықты құрдастар

(Эссе)

Қазақ поэзиясының шынайы дүлдүлі Тұманбай Молдағалиев туралы айтар әңгіме көп. Жаны жайсаң ағамыздың қасында біраз жыл бірге жүріп, көңіл сырын өз аузынан талай тыңдаған бізде де арман жоқ шығар. Өз басым Тұмағаңдай ұлы ақынның көзін көріп, тірлікте жылы сөзін көп естігенімді мақтанышпен еске аламын, тағдырымның ерекше сыйы деп санаймын. Менің «Кие» атты жыр кітабыма Тұмағаң сияқты ғажайып сөз зергерінің өз тілегі бойынша алғысөз жазып қалдырғанын шығармашылық жолымдағы ең бақытты оқиға ретінде бағалаймын.

Тұмағаңмен жақын танысып, қоян-қолтық араласуыма өзім басқаратын «Қазығұрт» баспасы себепші болды.

2001 жылдың қоңыр күзі еді. Қызмет телефоным шырылдады. Тұтқаны көтерген баспаның бас редакторы Ұлан Оспанбай маған қарап:

– Төмке, сені сұрайды, – деді.

– Кім екен?

– Тұманбай Молдағалиев.

– Тұмағаңның өзі ме? Әкел, – деп тұтқаны алдым.

– Темірғали батырсың ба, өй? – Ол кісі басалқалы даусымен көтеріңкі сөйледі.

– Иә, мен аға. Саламатсыз ба? Тыңдап тұрмын.

– Амансың ба, қарағым. Мен өзіңе жолықсам деп едім. Кеңсең қай жерде? Қашан барғаным дұрыс? Жұмыста боласың ба?

– Қазір келе беріңіз аға, – деп мекен-жайымызды айттым. Сүт пісірім уақыт өткен соң «Халқымыздың мақтанышына айналған алып ақынды кеңседе отырып күткенім ыңғайсыз болар» деген оймен есіктің алдына шықтым. Тұмағаңның қандай мәселемен келе жатқанын ішім сезеді. «Қадырдың көптомдығы шыққан баспадан мен де кітаптарымды шығарамын» деп жүргенін естігенмін. Қадыр ағаның өзі де айтқан.

Тұмағаң келді. Мені бауырына басып:

– Бәсе, телефондағы дауысыңа қарап-ақ бас терісі келіскен жігіт қой деп едім. Мен де адам танымын ғой, – деді жылы жымиып, – Менің Қадыр құрдасымнан үйренетін нәрсе көп. Ол өліп кетсе де жаман адамды жағаламайды. Сенің мықты екеніңді содан-ақ білгенмін.

– Көңіліңізге рахмет, аға! – дедім оның алғаусыз ақ пейіліне риза болып.

Ол кісіні ішке ертіп кірдім. Сырт киімін іліп, алдына шай әкелдірдім. Екеуміз ұзақ сонар әңгімеге кірістік. Тұмағаң баладай аңқылдақ, ақкөңіл адам ғой. Өзінің өлеңдері сияқты көңілі мөлдіреп тұр. Бала құсап, желпініп, мақтанып та қояды. «Қалай дейсің?», «Солай емес пе?» деп өзінің сөзін құптағып отырады. Бар сырын баласына айтқандай ақтарып жатыр.

– Қадыр маған көптомдығын сыйлады, – деді бір кезде. – Ғажап шыққан екен! Тамсанып, қарай бердім. Пішіні де, безендірілуі де келіскен, сұлу дүние болып шығыпты. Кітап деген осындай болу керек! Қадырдың өзі сияқты, ешкінің асығындай екен.

– Пішінін Қадыр ағаның өзі таңдаған. Есениннің форматы дейді. Есенин өзінің кітаптарын үнемі осы пішінмен шығарған көрінеді. Нағыз поэзиялық пішін емес пе? – дедім Тұмағаңның қолына айтылып отырған кітаптың бір данасын ұстатып.

– Есенинді қайдам, нағыз Қадырға лайық формат екен, – деді ол кітапты аударып қарап. – Маған мұндай формат келмейді. Менің кітаптарым үлкен форматта болуы керек. Талай дүнием бар. Қадырдікі он екі томмен бітті ме?

– Жоқ аға, ол кісінің жазғаны отыз томнан асады.

– Қазіргісі он екі ғой?

– Иә. Он екі том.

– Менікі он төрт том болады. Үлкен форматпен. Мен де Қадырдан аз жазбағам. Өзірге он том етіп шығарып берсең, қалғанын кейін қоса береміз. Құрдасымен бәсекелесті демессің. Бірақ Қадырдан қалғым келмейтіні рас.

Тұмағаңның он төрт томын бес мың дана таралыммен шығаратын болып келістік. Қаражатын екеуміз бірлесіп қарастыратын болдық. Тәуекел!

– Мен саған Қадыр емеспін, – деді ол кетерінде тағы да құрдасын алға тартып. – Өлі-ақ өзіңе ат мінгіземін. Менің әкем соғыста кеткен. Ақшадан өлген жоқ. Сондықтан қаламақы бөр деп сені мазаламаймын. Керегі жоқ. Тек көзім тіріде томдарымның толық шыққанын көріп кетсем болғаны.

– Аға, Алла жазса бәрі де шығады. «Әрекет түбі берекет» деген бар. Әрекетке кірісейік, – деп шығарып салдым.

Көпке созбай Тұмағаңның алғашқы томдарын тергізіп, беттете бастадым. Уақыт жылжып жатты. Тұмағаң облыстарды аралап, әкімдермен жүздесіп, кітаптарды өткізу үшін таралымға біраз тапсырыс жинап қайтты. Бір-екі өңірмен келісімшарт жасадық. Бюджеттің заңы бойынша мемлекеттік ұйымдар кітапты шығаруға

жәрдем бере алмайды. Дайын кітапты сатып алуға ғана қаражат бөледі. Оның өзін жергілікті мәслихаттар құптауы керек. Мен өз тарапымнан Тұмағаңның көптомдығын өткізу мақсатымен бірнеше облыстың әкімдеріне ресми хат жолдадым. Жауап күтіп отырмыз.

Бір күні күтпеген жерден Тұмағаң кабинетіме кіріп келді. Жүзінде қуаныштың ізі бар. Үлкен шаруа бітіріп келген сыңайлы. Амандасқан соң сырт киімін шешпей орындыққа отыра кетті.

– Сен жинап! Талдықорғанға жүгір! Мен Шалбай ініммен келісіп келдім. Тезірек бар! – деді ол аптығып.

– Тұмаға, не келістіңіз? – дедім таңданып. – Көмек беретін болды ма?

– Кеше арнайы Талдықорғанға барып жолықтым. Мәселені айттым. «Баспаның бастығы келсін. Өзім жәрдем беремін», деді.

– Қанша беремін деді?

– Айналайын, ол жағын білмеймін. Алматы облысы менің туған мекенім. Біраз беретін шығар. Өзің барып сөйлес.

– Жарайды, аға! Әкімнің кеңесшісін жақсы танымын. Телефон соғып хабарласайын. Егер кел десе, таңертең жолға шығамын.

– Сөйте ғой, айналайын, – деп Тұмағаң қайтты. Талдықорғанға, облыс әкімінің кеңесшісі Серік Мұқановқа телефон шалдым. Серік ағамен танысқаным көп бола қоймаған. Кейде адамды сыйлау үшін көп уақыттың қажеті жоқ. Ол кісімен бір-екі кездескеннен кейін-ақ өзіме жақын аға тұтып кеттім. Ақжарқын мінезді, терең білімді, сыпайы, өте мәдениетті адам. Елге болса екен деп тұратын адал пиғылы анадайдан байқалады.

– Ертең әкім орнында болады. Ертерек шығып, сағат 12-ге дейін жетуге тырыс. Өзім ертіп кіремін, – деді ол.

Талдықорғанға сағат 11-де жеттім. Серік аға рұқсат қағаз дайындатып қойыпты. Екеуміз етене жақын адамдай жылы ұшырастық. Амандық-саулықтан соң:

– Шөкеңде жиналыс болып жатыр. Сенің келгеніңді айтып қойдым. Жарты сағаттай күте тұрайық, – деп ол хатшы қызға шай әкелуді тапсырды.

– Тұмағаң жіберді, – дедім жайғасқан соң, – Шалбай аға қатты сыйлаған көрінеді. Көңілі өсіп барды.

– Иә, ол кісіні бірге күттік. Үлкен адам ғой. Бәріміздің мақтанышымыз. Шөкең де ағамызға қатты риза болды. Оның айтқан өңгімелеріне әлі күліп жүр.

Әкімнің қабылдау бөлмесінен телефон соғылды. Серік аға: «Шөкеңдегі жиналыс бітіпті. Жүр, бірге барайық» деп мені ерте жөнелді. Қабылдау бөлмесінде іркілмей, салтанаты келіскен үлкен кабинетке тура кіріп бардық. Серік аға мені таныстырды.

– Ағаң қалай? Жақсы жетіп пе? – деді Шалбай аға Тұмағаңды меңзеп жымиып.

– Сізге рахметін айтып жатыр. Көңілі өссе адам құстай ұшады ғой. Бірден маған барды. Сол кісінің айтуымен келдім.

– Біз ол кісінің көптомдығын облыс кітапханалары үшін сатып алсақ деп шештік. Бес жүз елу мың теңгеге алсақ дейміз, – деп Шөкең Серік ағаға қарады, – Облыстық мәдениет басқармасының бастығын шақырып, ақылдасындар. Тездетіп мәслихаттың сессиясына ұсыныстарын енгізсін.

«Бес жүз елу мың теңге» дегенді естігенде көңілім пәсейіп қалды. Бірақ дәл осы сәтте Тұмағаңның көптомдығының тағдыры шешіліп тұрғанын ойладым да, ойымды ірікпей сөйлеп кеттім.

– Шалбай аға! Егер сіз айтқандай «бес жүз елу мың теңге» ғана болса әуре болып, бекер келген екенмін. Тұмағаңның қуанып барғаны да әншейін екен, – деп



кесіп салдым. Шөкең аңырып қалды.

– Неге? Енді қанша керек еді?

– Тұмағаңның көптомдығына қазір бүкіл облыстардан тапсырыс жинап жатырмыз. 14 томды бес мың таралыммен шығару үшін біздің есебімізше ең кемі 25 миллион теңге керек. Соны құрастыру қиын болып тұр. Солтүстік Қазақстан облысы 2 миллион теңгеге, Ақтөбе облысы 3 миллион теңгеге алатын болып, келісімшартқа отырдық. Оңтүстікпен, Атыраумен, Жамбылмен келістік. Бәрі де шама-шарқынша алатын болды.

– 25 миллион көптеу емес пе? – деді Шөкең Серік ағаға. – Қане санап көріңдерші. Меніңше, қымбаттау сияқты.

– Санасақ санайық. Ең төмен бағамен санаймыз, – дедім де портфелімнен есептегіш құрал алып, екеуінің көзінше есептеп бердім. 25 миллион болып шықты. Олардың көзін жеткіздім. – Шалбай аға! – дедім сосын, – Сіздерге кітаптың таралымын түгел алыңдар деп отырған жоқпыз. Оның үстіне кітаптың өзіндік құнынан да төмен бағаға ұсынудамыз. Қалыңдығы кірпіштей 14 томды қазір 5000 теңгеге кім береді. Ол бір мәселе. Екіншіден, сіз Тұманбай аға мен Қадыр ағаның қалжыңы мықты құрдастар екенін білетін шығарсыз?

– Әрине, білем ғой, – деді Шөкең.

– Мен жақында ғана Қадыр ағаның он екі томдығын шығарып болдым. Қадыр ағаның туған жері Батыс Қазақстан облысы сол көптомдықтың бір мың комплектісін сатып алды. Онымен тұрмай Қадыр ағаға Орал қаласынан екі қабатты коттедж берді. Ол аз десеңіз, астына машина берді. Соның бәрін Тұмағаң құрдасы көрмей отырған жоқ. Бәрін де біледі. Бірақ сіздерге салмақ салуға қысылады ғой. Кеше ол кісі маған келіп, сізге қатты арқа сүйейтінін айтты. «Менің туған жерімнің азаматтары да көмектеседі» деп үміттеніп отыр. Сондықтан ақын ағамыздың еңсесі түспесін десеңіз облыстың мәдениет, білім ошақтары үшін бір мың комплектіге тапсырыс берсеңіз дұрыс болар еді.

– Айтқаныңның бәрі дұрыс екен. Мен түсіндім, – деді Шөкең. Содан соң кеңесшісіне қарап: – Темірғалидің айтқаны болсын. Тұмағаңның алдында ұятқа қалмайық. Бағанағы «бес жүз елу мың теңгенің» үстіне бес миллион қосыңдар. Сөйтіп, көмектесейік, – деп нақты тапсырма берді.

Бірден сөзге тоқтаған Шалбай ағама риза болып, рахметімді айттым. Кейін кітаптар шығысымен басқа облыстармен қатар Талдықорғанға Тұмағаңның көптомдығының бір мың комплектісін жеткізіп бердік.

Осылайша, Тұмағаң мен Қадыр ағаның құрдастық салтпен «есептесіп» жүретін қасиеттері игілікті істің пайдасына асты. Кейін Қадыр аға осы өңгімені естіп, құрдасына: «Көрдің бе, Тұмаш, Шалбайдың өзі де саған мені сыйлағандықтан көмектесіпті. Мен сияқты ағаң тұрғанда жаман болмайсың!» деп әзілдейтін.

Екеуі құрдас. Араларында сыйластықтың шегінен шықпайтын әдемі қалжың жүреді. Ұлы адамдардың қалжыңы да ұлы болады. Бірде:

– Тұманбайды бір жолы қатырдым, – деді Қадыр аға күліп, – Оның менен үш ай кішілігі бар. 50-ге толғанда да, 60-қа толғанда да мерейтойларымызды тойладық. Тұманбай маған қарап отырады. «Қадыр не істер екен?» дейді. Содан кейін тура менің істегенімді айнытпай қайталайды. Мен де оны біліп алғам. 1995 жылы 60-қа толдық. Тұманбай әдетінше маған қарап отыр. Алматыда да, туған өңірім Оралда да той өткізілді.

Шәкірттің шырағын алаулатқан ұстаз

Жымпиты ауданында жиын болып, өскен жерімдегі өзім оқыған орта мектепке менің атым берілді. Елге рахмет! Сый-сияпаттан кем қылмады. Алматыға оралған соң Тұманбай іздеп келді. «Ал не болды?» деді. Бәрін тәптіштеп айтып бердім. Бірақ мектепке менің атымды бергенін бүгіп қалдым. Әдейі айтпадым. Жазға қарай Тұманбай да тойға кірісті. Құдды менің айтқанымдай қылды. Айнытпай жасады.

Арада екі-үш жыл өткен. Бір жиында Тұмаш екеуміз оңаша сөйлесіп отыр едік, сөздің орайы келгенде:

— Қадеке, осы сен қай мектепте оқығансың? — деп сұрады ол.

— Мен ауылда, өзімнің атымдағы мектепте оқығанмын, — дедім мақтана сөйлеп. Тұмаштың аузы ашылып қалыпты.

— А-а! Қалайша? Қашан беріп еді атыңды? — деп көздері шарасынан шығып бара жатыр.

— Тұмаш! — дедім арқасынан қағып қойып, — 60-қа толғанымда өзім оқыған мектепке менің атымды берген.

— Сен, сен... Айтпадың ғой, — деді ол қипақтап.

— Есінде болсын, нағыз ұстаз шәкіртінен әрқашан бір құпияны жасырын ұстайды. Мен сенің әрі ағаң, әрі ұстазың емеспін бе? — деп едім, ол күйіп-пісті.

— Әй, Қадыр-ай, қусың ғой. Бұл жолы сен мені қатырдың, — деді күліп.

Негізі оның да мені сөзден ұтқан кезі көп. Жастау күнімізде бір өлең жаздым. «Хулиганский» өлең еді. Ең соңғы түйіні «Абай менен екеуміздің арамызда бала жоқ» деп бітетін. Абайдан кейінгі мықтың менмін деген сөз ғой. Ол өлең газетке де шықты. Тұманбай құрдасым не дер екен деп жүрдім. Ол ештеңе байқамағандай, үндемеді. Арада біраз уақыт өтті. Бір күні ол:

— Қадыр, сен жалпы сол өлеңде өте дұрыс айтқаның, — деді. Оның бірдеңе айтатынын сезіп, ішім қып ете қалды.

— Қай өлеңді айтасың? — дедім түк білмегенсіп.

— «Абай менен екеуміздің арамызда бала жоқ» дегенінді айтам. Дұрыс. Мен сенен үш ай кішімін ғой. Сондықтан мен ол тізімге кірмеймін. Демек, менің сенен де мықты екенімді мойындағаның ғой, — деді ыржиып. Сол жолы мен жеңілдім.

Қадыр аға Тұмағаң құрдасы туралы көп айтатын. Қалжыңмен сойып отырғанмен, оны баладай жақсы көреді. «Қысыр сөз күлмекке жақсы» деп қойып, сөзінің арасына Тұмағаңды қыстырып жібереді.

Бірде Тұмағаң да Қадыр құрдасы туралы қызық әңгіме айтты.

— Мына Қадыр кіп-кішкентай болып алып, үнемі менің алдымда жүреді, — деді ол, — Үнемі солай. Менен үш ай ғана үлкендігі бар. «Маған аға деп сөйле. Сен менің өкшемді басып келе жатқан інімің ғой» деп күледі. Ол менен бір жыл бұрын Ленин комсомолы сыйлығын алды. Менен бір жыл бұрын Мемлекеттік сыйлықты алды. Енді міне, көрмейсің бе, менен бір жыл бұрын көптомдығын шығарып тастады, — деп Тұмағаң күлімсіреп маған көзін қысып қойды. Содан соң даусын бәсеңдетіп, қулана сыбырлағандай болды. — Мен енді ойлап жүрмін. Біз де 95-96 жасқа келеміз ғой. Сол кезде бұл Қадыр ана жаққа да менен бір жыл бұрын кететін шығар деймін.

Мен Тұмағаңның бұл сөзіне күліп жібердім. Ол өзі де алақанымен ауызын басып, рахаттана күліп алды. Өлден соң ғана қалтасынан беторамалын алып, жасаураған көздерін сүртіп жатып:

— Жоқ, олай болмайды екен, — деді ол көкірегін кере дем алып. — Зиратының басында мен еңкілдеп жылап тұрсам, Қадырға одан асқан бақыт жоқ қой. Жоқ, болмайды екен. Мен бірінші кетуім керек.

— Қойыңызшы, Тұмаға, жаман сөз айтпаңыз, — дедім күліп.

— Жаман сөз айтқан жоқпын ғой. Сона-а-ау 95-96 жасқа барған соң деймін. Соған жетейік. Әй, бірақ Қадыр онда да менің алдыма түсіп кетеді-ау. Өйткені оның алда жүруі табиғи заңдылыққа айналып кеткен.

Қазір ойланып отырсам, Тұмағаңның сол сөзі көп жыл бұрын айтылған зілсіз өзіл болғанмен, негізсіз емес екен. Олар 95-ке жетпеді демесеңіз, Қадыр аға бұл жолы да құрдасының алдын орап кетті. Қаралы жиында сөйлеген сөзінде Тұмағаң нағыз ақын ретінде ішкі сезімін іркіп қала алмады. Қоштасу өлеңін оқыды. «Үш ай ғана үлкен болсаң да аға деп айт деуші едің, енді сендей ағаны қайдан табамын» деп егілді. «Бақұл бол, асыл ағам!» деп жылады. «Сенсіз енді не қызық бар?» деп шерленді. Қадыр ағаның зиратының басында тұрып, қабырғасы қайыса еңкілдеді. «Ағасы» ана жақта жалғызсырайды деді ме екен, артынша өзі де аттанды. Құрдастықтың қадір-қасиетін терең танытқан, қайран, қазақтың асылтекті данышпандары-ай! Олар өздерімен бірге қазақ поэзиясының тұтас бір дәуірін ала кетті.

Темірғали КӨПБАЕВ,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты.

Egemen Qazaqstan.

Атақты педагог, ғалым, академик Шалва Амонашвили: «Ұстаз — шәкірттің шырағын тұтатып алаулатушы» дейді. «Ізгілік педагогикасы атты еңбегінде (Алматы, 2022). Ол: «Біз бала жанын қаншалықты терең түсінеміз? Күніне неше тұлға танимыз? Немесе күніне неше шырақты өшіреміз? Ұстаз шырақты сөндіру үшін емес, тұтатып, алаулату үшін жаралған жоқ па?» дейді. Міне, осы жолдарды оқығаннан кейін Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айымжан Қазыбекова менің ойыма түсті. Ол 21 жылдан бері аталған мектепте мұғалімдік қызмет атқарып келеді. Содан бері оның алдынан жүздеген шәкірт білім алып, өмірден орнын тапты. Ұстаз олардың білімге деген құштарлығын оятып, жанына жүрек жылуын арнады. Бүгінде шәкірттерінің алды жоғары оқу орнын бітіріп, әр салада жемісті қызмет етіп келеді. Оларды көргенде ұстаз еңбегінің еш кетпегеніне, шырағын тұтатып алаулатқанына марқайып қалады.

Айымжан балалардың талпынысына ерекше көңіл бөледі. Олардың қанатына қанат, жігеріне жігер қоса бөледі. Оларды шығармашыл тұлға етіп дайындауға көңіл бөледі. Олардың рухани таным мен адамгершілік әлемінің қақпасын ашып, жол көрсетеді. Балалармен қоян-қолтық араласады. Өз шәкірттерінің рухани-адамгершілік және танымдық дамуына жол ашады. Бұрын белгісіз өнегелі де өнерлі білімді балаларға жақсылап үйретіп, заманауи өмір сүруге дайындайды. Шәкірттерге тілдің адамдардың бір-біріне қарым-қатынас жасаудағы құдіретті рөлін ұғындырады. Әдебиет пәні арқылы шәкірттерді адамгершілікке, ізгілікке, мәйірімділікке, рухани баюға, образдар арқылы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.

Жаңашыл педагог Шалва еңбегінде былай деп жазады: «Мұғалім күлімсіремесе, мектеп жаналғышқа айналады. Онсыз балалар сусыз және күнсіз қалған гүл секілді. Балаға құрғақ ақыл айтумен, тәртіпті жалаң қайталаумен, ұрысумен, ата-аналарын шақырумен айналысатын қожыраған педагогика ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз шыр айналумен келеді...

Білім кеңістігі — ғибадатхана, иә, сіздерше мешіт! Бұл жер баланың Құдай берген қабілетін ашатын қасиетті орын. Оны жүзеге асырушы — біз, мұғалімдерміз. Былайша айтқанда, «Құдайдың қызметшілеріміз». Ал баланың қабілетін ашу тек қана махаббатпен, рухани сүйіспеншілікпен, жүректің күлімсіреуімен жүзеге асады» дейді.

Айымжанның әдебиет пәніне деген қызығушылығын Момынай орта мектебінің оқушысы кезінде жаңадан жоғары оқу орнын бітіріп, жоғары сыныптарға әдебиет пәнінен сабақ берген жас ұстаз Сәуле Байтүгелова апайы оятқан еді. Оның жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, жұртпен қарым-қатынасы, бәрі-бәрі бала жүрекке қатты әсер етеді. Әдеби кітаптармен дос болады. Сөйте жүріп, әдебиет пәні мұғалімі болуды таңдайды.

А.Қазыбекова 1990 жылы Момынай жалпы білім беретін мектебін бітірген. Одан кейін Жаңажол ауылына тұрмысқа шығып, біраз жыл мектепте хатшы, іс жүргізуші болып



жұмыс істейді. 2000 жылы Шымкенттегі Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 2004 жылы бітіріп шығады. Сол жылдан бері Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде мамандығы бойынша жұмыс істеп келеді. Алғашқы ұстаздық жолынан бастап балалардың бойындағы қабілетті ашуға арнады. Бұл үшін сабақты түрлі амал-тәсілдерді, озық технологияларды қолданады. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту үшін түрлі іс-шаралар өткізеді. Оның оқытқан сабақтарында үлгермейтін бірде-бір оқушы болмайды. Әсіресе әдебиетке бейім оқушылармен жеке-дара жұмыс жүргізіп, олардың ғылыми ізденісіне жағдай жасайды.

Ол 2021 жылға дейін қабілетті балалармен «Көркем шығармаларды талдаудың тиімді жолдары» тақырыбында жұмыс жүргізеді. Оның нәтижесін облыс көлемінде қорғады. Тәжірибесі облысқа таратылды, еңбегі кітапша болып жарық көрді. Ол бізге ғылыми ізденісінің қысқаша мазмұнын айтып берді. «Талдаудың төрт түрі бар, — дейді ол, — Біріншісі — тақырыптық талдау. Онда оқушыға шығарманың тақырыбы мен идеясын ашуды үйретемін. Екіншісі — образды талдау — кейіпкерді талдауға үйретіледі. Онда кейіпкердің портреті, іс-әрекеті арқылы мінезін анықтайды. Кейіпкердің тура және жанама мінезін табады. Сондай-ақ шығарманы басқа шығармадағы кейіпкермен салыстырып, өмірмен байланыстырады. Үшіншісі — тұтас талдау. Мұнда көркем шығарманың бөлімдеріне, тарауларына, оқиғаның дамуына тоқтала отырып, оқиғаны жүйелі түрде баяндауды үйренеді. Төртіншісі — проблемалық талдау. Оқушы шығармадағы оқиғаларды өмірмен байланыстыра отырып, автордың көтерген проблемасын таниды. Автордың көтерген мәселесімен өмірдегі кездесетін қарама-қайшылықтарды салыстыра отырып, өзара пікір таластырып, сол проблеманы шешу жолын табады.

Ұстаз 2022 жылдан бастап «Оқушылардың ғылыми-зерттеу қабілеттерін арттыру» деген тақырыпта жұмыс жүргізіп келеді. Мұнда оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуын қарастырады. Бір тақырып төңірегінде іздендіреді. Оны басқа шығармалармен, басқа ғылыми еңбектермен салыстыруды үйретеді. Тақырыпты жан-жақты зерттей отырып, ғылыми жобаға ұсынады. Оқушыларды осылайша ғылыми жұмысқа үйретеді. Жыл сайын оқушыларын түрлі деңгейдегі байқауларға қатыстырып, қабілетін ұштай түседі. Сондықтан да баптаған шәкірттері байқауларда қабілеттерін танытып, ұстаз сенімін

ақтап жүр. Өткен оқу жылында 11-сынып оқушысы Айдана Керімбек аудандық ғылыми жоба байқауында 2-орынға ие болды. Биылғы оқу жылы Дарын Дастан ауданда 1-орын алды.

«Махамбет Өтемісұлы оқулары» байқауында зерттеу бағыты бойынша Нұрасыл Жұман (11-сынып) 1-орын, облыста 2-орынға, ал «Әбіш Кекілбаев оқуларында» зерттеу бағыты бойынша Нұрасыл Жұман 1-орынға ие болды. Осы байқауда оқушылары сахналық қойылым бағытында облыста 2-орын алды.

«Мағжан Жұмабаев оқуларында» зерттеу бағыты бойынша Әдемі Айтжан (10-сынып) облыста 2-орын, ал Айдана Керімбек (11-сынып) 3-орын алды. «Ахмет Байтұрсынұлы — ұлт ұстазы» ғылыми-зерттеу байқауында өткен жылы Айдана Керімбек облыста 2-орынға ие болды. Сонымен бірге Айдана Керімбек (11-сынып) пән олимпиадасына қазақ тілі мен әдебиеті бойынша қатысып, облыста 2-орын алды. Осы оқушы «Ауыл» олимпиадасында 1-орынға ие болды. «Жарқын болашақ» олимпиадасында қазақ тілі бойынша аудандық кезеңде Айдана Керімбек 1-орынды иеленді.

Білікті ұстаз Айымжан Қазыбекованың оқушыларға білім берудегі үздік көрсеткіштері және шығармашылық жұмыстарға баптаудағы еңбегі әр жылдары жоғары бағаланып отырады. «Алтын белгіге» бітіруші түлектердің білімін тексерудегі үздік біліктілігін көрсеткені үшін және облыстық білім конференцияларында мазмұнды, құнды баяндамалар жасағаны үшін облыстық білім басқармасының Алғыс хатымен, Мақтау грамотасымен, пән олимпиадасында оқушылардың жұмысын тексеруде әділ төрелік жасағаны үшін облыстық «Дарынды балаларды анықтау орталығының» Алғыс хатымен және Мақтау қағазымен марапатталды. Сонымен бірге ауданның білім саласындағы іс-шараларына белсенді қатысқаны үшін және ғылыми ізденіске қабілетті шәкірттерді дайындағаны үшін аудандық білім бөлімі тарапынан бірнеше Алғыс хатпен, Құрмет грамотасымен мадақталды.

Ұстаз жолын қуып, мұғалімдік мамандықты, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын таңдаған оқушылары көп. Ғылыми-зерттеу жобасында, пәндік олимпиадада оза шауып, жүлде алған шәкірті Айдана Керімбек өткен оқу жылында мемлекеттік грантпен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түсті. Ботагөз Мейманхан Алматыдағы Қыздар педагогикалық университетінде оқып жүр. Райхан Қадірбек те осы мамандықты таңдаған.

Шығармашыл ұстаз Айымжан Қазыбековаға алдағы уақытта да талай шәкірттің қабілетін ашып, білімді, саналы, рухани жағынан кемел ұрпақ тәрбиелеу ісінде биік табысқа жете беруіне тілектеспіз.

К.ЕЛІКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер және
Жазушылар одақтарының
мүшесі, Қазақстанның еңбек
сіңірген қызметкері,
Төлеби ауданының
Құрметті азаматы.



**Алмагүл
ҚАРЖАУБАЕВА.**

ӨЛЕҢІМ

Сен менің қанымдасың, жанымдасың,
Жүректе алау болып жағылғансың.
Төңірім маған арнап сыйға тартқан,
Өзгелер іздесе де табылмайсың.
Айтпай-ақ жөй-күйімді білгендейсің,
Жарасып жүрегіммен жүргендей шын.
Жалғанға құштарлығым құлшынады,
Жанарға шамшырақтар ілгендейсің.
Сен менің шұғылалы күнімдесің,
Бұлбұлдың сайрап тұрған үніндесің.
Өзіңмен сырлассын деп берген Алла,
Жалғаны көп өмірден түңілгесің.
Таңымның тамылжыған пырағысың,
Бағымның сылдырлаған бұлағысың.
Толқисам, тағат берер сыңарымсың,
Көңілдің күңгірттенсе шырағысың.
Өзіңмен ұшып жүрем қанаттасып,
Үйлескен әуендердей сабақтасып.
Сөзбенен мүсін салам, Төңірім сол,
Сенімен мені бірге жаратқасың.
Таңдайда балдай тәтті балшырыным,
Көңілде бүршік жарған талшыбығым.
Дүниеге ынтық өткен жан-тәніммен,
Тамсантқан тобылғыдай тамшы
мұңым.

Құбылам түгел, басқа керегі не,
Өзіңсің серігім де, сенерім де.
Дүниеде кім бар мендей аңсары ауып,
Өзінің ғашық болған өлеңіне...
Бұлқынса көктем келіп шырайымнан,
Шалқысам, қайтармаған райымнан.
Жүрегі жалғызсырап жүрмесін деп,
Айналдым сені берген құдайымнан.

СӘУІРДЕГІ НҰР

Құдірет бар жаңбырда сәуірдегі,
Тамшысымен дарыған, кәміл емі.
Шипасы бар алғашқы жауынында,
Дәруленген Алланың өмірімен.
Өр тамшысы тірлікке тыныс берген,
Өмір сосын жалғасқан ұлы істермен.
Жаратылыс жердегі сондықтан да,
Бір-бірімен етене туыс келген.
Раббысынан әлемнің жаратылған,
Сусап маңғаз сәуірде дала тұрған.
Осы айдағы сауығып дәруменмен,
Көріктенген жер мен көк жарасыммен.
Келген айы дүниеге Пайғамбардың,
Әлем нұрға бір сәтпен байланған күн.
Тамшысымен жәннаттың араласып,
Қасиетті зәмзәмға айналған шын.
Жіңішкенген жайнатып ғаламдарды,
Жарылқаған жауынмен адамдарды.
Жан-жануар, өсімдік арасында,
Көрінбейтін ысырып қамалдарды.
Берген солай шипасын зарыққанға,
Өзен, көлде шөл басқан балықтар да.
Төнін жуып, адамдар ішкен қанбай,
Саумал суын сәуірдің жарық таңда.
Жүзін тосқан жаңбырға құландар да,
Бар тіршілік жердегі құмарлана...
Жасау үшін уытын нұр суымен,
Елсіздерден асыққан жыландар да.
Жауынменен шаттанар жылғалар да,
Бой түзейді тал, терек тұлғалана.
Көріктеніп, көгерер малшынғанда,
Сәуірдегі тіршілік нұрға ғана...

ҚАЙРАН КҮН

Өткеніне бұрыла алмай, қайран күн,
Күйін көшіп беткейдегі қайраңның.
Үлгіре алмай... үлгіртпестен зым-зия,
Ғайып болып кеткеніңе қайранмын.
Арасына тастап қалың ойлардың,
/Содан бөлкім, қиялиға айналдым/.
Қар, жаңбырдың сатысындай ақырғы,
Дөңгейіне түскендеймін сайлардың.
Ай, күндерді бұлай шектеп қойған кім,
Арыла алмай ала бұлттан орман мұң.

Жұмбағы көп жылыстаған жылдармен,
Құпиясын қиыстырған жалғанның.
Жібіте алмай қатпары көп тоңдарды,
Соқпағы жоқ, соқтықпалы жолдарды.
Айналшықтап шыға алмаған тұзы ащы,
Тұтқынына айналғандай сорлардың.
Желге қарсы өршеленген қыран мұң,
Қыран тектес тым биікке құмармын.
Мекені – шың, күйін көшіп ұлардың,
Армандаумен алыс кеткен шығармын.
Көк мұхиттай тұнбаса егер сағыныш,
Жандүниенде орнамаса жарылыс.
Жүрегіңді сыздатпаса тәтті елес,
Өткен күннің бәрі мәнсіз сабылыс!

ЖҮРЕГІММЕН ТІЛДЕСУ

Жүрегім-ау, бұлқынасың неге сен,
Алқын-жұлқын, аптығатын емес ең.
Мамыражай күн кешкенсің, тып-тыныш,
Сәл-пәл ғана толқыныс бар демесең.
Соңғы кезде соғысыңнан жаңылып,
Беймаза бір күйге түстің неғылып?
Шүкірліктен аспағанмын, тірлікте,
Асып-тасып көтпегенмін жанығып.
Жер ортада сыр бермеші, жарқыным,
Тірліктегі сүйеніш сен, бар шыным.
Сөздірмеші, бұл жалғанның салқынын,
Кеудемдегі баға жетпес алтыным!
Жай соққандай тулап-тулап өтесің,
/Қорқытасың, айтайыншы, төтесін/.
Мықтылығың шар болаттай жан досым,
Шамаң бар еді (і) бір қараға жететін.
Көмектеспей қойды дәрі, екпе де,
Тынышталмай тұрсың өзің тек неге?
Саған салмақ салатындай сындарлы,
Құпиям да жоқ еді ғой ептеген.
Қандай жағдай сені сонша толқытқан,
Өзің едің мені жыр ғып шалқытқан.
Дүрсілдейсің, себепсізден дүрлігіп,
Жалғандағы жалғыз досым, қорқытпа.
Тығырықтан шығайықшы екеулеп,
/Мен өмірді сезінемін шекер деп/.
Кеудемдегі ортақ бізге бірлікті,
Сенің ғана мықтылығың көтермек.
Шамадан тыс саған салмақ салдым ба?
Айыптымын олай болса алдыңда...
Мақсатымыз көп еді ғой, аяулым,
Сол үшін де мені жолда қалдырма!



**Тұрсынқұл
ЕНТАЕВА.**

Ашылғандай ғажайып жаңа өмірдің
парағы,
Қырау сүйіп талдарды, ақ қар жапты
даланы.
Арылғандай бар мұңнан мөлдіреді көк
аспан,
Шуақ шашып күліп тұр тіршіліктің
жанары.

Кешегі өткен бораннан қалмапты ғой
жұрнақ та,
Балалар жүр шанамен сырғанақтап қыр
жақта.
Еске түсіп өткен шақ, біз малтыққан
қалың қар,
Күй салып тұр көңілім әдемі бір ырғақта.

Үйірілер ымырт тез екінтіден сәл ауса,
Сен жігіт ең от кеуде, мен қыз едім
балауса.
Ақ қар үсті ақ мамық түйіскенде
жанарлар,
Пәк махаббат ақ сезім ұласып ед алауға.

Мен отырған торыны жетегіңе ап
жаяулап,
Ұзап кеттік ауылдан, ұзап кеттік ай аулақ.
Кім ойлапты ол кезде айрылар деп
жолымыз,
Тағдырымыз қатыбас жүректерге қаяу
сап

Біз қоштастық мәңгіге...
жалған намыс қамшылап,
Бұрылмадым амал не іздесе де жан
шуақ.
Жүйрік жылдар жалына қарым тала
жармастым,
Көздің жасы күйдірген омырауыма
тамшылап.

Толастамас өмірдің ілестік те көшіне,
Жүректердің мұң құшқан бой бермедік
десіне.
Сол аяулы мөлдір шақ, аппақ қардай ақ
көңіл,
Сағынышқа малынып түсіп кетті есіме.

Мұқағали ақынға

Не айтайын мен саған, ақын аға?
Жүрегіме жырымен жақын аға.
Біреу құлап, біреулер сүрініп жүр,
Өмір деген осынау сахнада.
Өзің жүрген сүрлеумен, жолыңменен
Өлең деген өлкеге жолығып ем.
Жазар жырым көзімнен жас боп ақты,
Өксік толы жүректің солығымен.
Титықтатып өмірдің ауыр сыны,
Қанатымның сынғанда қауырсыны.
Мұң шағар ма ем өзіңе өксіп келіп,
Бұйыртпады тағдырым танысуды.
Күйзелгенде бар халқым, қара орманым,
Амалым не ер болып жаралмадым.
Ала таңнан базарға бас байланып,
Ала дорба ішінде бар арманым,
Іңірде кеп ұяма оралғанмын.
Ұшып кетпей дауылда қия тастан.
Ана қыран едім ғой ұя басқан.
Жер ортасы – көк төбе, сапар соңы...
Өлеңіме оралдым қия алмастан

*Тұрлыбайұлы Бидәулет Ентайтегінің
рухына арнаймын*

КӨКЕ

Алдында тұрмын үйіңнің,
Қабырғасы кеткен сөгіліп.
Ұғады көңіл күйін кім?..
Жүрегім тұрды егіліп,
Көзімнің жасы төгіліп.
...Дер бөлкім біреу бұл күнде,
Адал еді аңғал баладай.
Біреулер даттар жеңгемді,
Пұшпағы кеткен қанамай.
Қаңырап қалған қора-жай,
Елеңдеп сені күткендей.
Аяр да біреу жалғаннан,
Өтті-ау деп, шіркін, түк көрмей.
...Түсінер бірақ кімді кім?
Алауын сезіп жаныңның.
Шерменде деді біреулер,
Қабағын баққан жарының.
Жан көкем неткен биік ең,
Елемей жұрттың өсегін.
Төрк етіп дүние қызығын,
Жаңартпай кеткен төсегін.
Ішіне ендім үйіңнің,
Терезең жанға шақты мұң...
Төрде тұр бәрі жиылып
Иесіз көрпе-жастығың.
Тағдырға мойын ұсынып,
Айнымай өткен адалым.
Ақыретің шуақ, нұрлы боп,
Мейіріміне бөлен Алланың.

Желік көңіл шашбауында өтер күн...
Қадіріне уақытының жетер кім?
Санасыздар санын соғып жүргенде,
Ақылманды асқар шыңға көтердің.
Қарттық жетсе секілденер келте күн,
Таусылардай қиял ғажап ертегің.
«Жау кеткен соң қылышыңды боққа шап»
Өкін мейлі, өзегіңді өртегің..

Өтті бәрі...
Мұң шеріңді азайтып,
Кімге барып сырласарсың наз айтып.
Қоңыр күзде қоңыраяр көңілің,
Көктеміне бара жатса қаз қайтып.

Өмір ғой деп жұбатарсың өзіңді,
Сағынарсың жалындаған кезіңді.

Шіркін-аймен тамсанарсың жымыып,
Орамалмен сүртіп дымқыл көзіңді.

Зая кеткен шақтан енді не пайда,
Бағаламай уақытыңды, өзіңді.



**Боранбай
ҚҰДИЯР-ТЕГІ.**

МАХАББАТТА ЖОЛБАСШЫМ – АР, ҰЯТ ЕКЕН

Бір қызды ғана ұнатып қалып, сүйдім мен,
Махаббатта жолбасшы Ұят пен Арды
еттім,
Көздерімнің қалауын жүрегіме түйдім
мен,

Бір ғұмырға Оны жар еттім!

Бүгін сүйген Ай-ару деп ананы,
Ертең сүйген Күн-ару деп мынаны,
Дон Жуандықтан тапқан «рахат»
Қор өткен талай Ананы,
қабылдай алман деп Махаббат!

Көрсекызарлық етер жезөкше,
Жел сезімнен іздер рахат,
Бір аруды сүю – бөлекше,
Рахаты баян – Махаббат!

Өмір деген шалқар теңізде,
Адал жарға демеу – Жел қайық,
Алла сыйлаған от сезімге,
Ғұмырды адал арнайық!

Махаббаттан өрген ұрпақты,
Құдайым көркем Ел өтсін!
– Сүйем! – деп бір қыз тіл қатты,
Ғұмыр кешкенге Соныменен не жетсін!
...Он бір рет бесік тербетсін!

Махаббатты ұрпақ жалғағай,
Олар да адал жар таңдағай!
Жарға адал болу – арман-ай!
Армандастарды Алла қолдағай!

Бір жармен ғұмыр кешемін,
Мәңгілікке де бірге көшемін...
Махаббаттағы Ар, Ұят – көсемім,
Мәрт еткен еке-шешемін!

СЕНЕСІЗ БЕ, САДАҚА ЕТЕМ ЖАНЫМДЫ...

Жұдырықтай алба-жұлба жүреппен,
Мен де адаммын махаббатты жыр өткен.
Қаныма Оның қасиеттерін енгізген,
Қан тамырым бағбаны Оның гүл еккен!

Зерттеу үшін жанарымнан іздеп көр,
Саусағымнан, қаламынан іздеп көр,
Құлағым мен жыр тілімнен іздеп көр,
...Бәрі де адал Махаббатты тізбектер!

Махаббатты сезінбейтін жан бар ма?
Жалғамайтын жан бар ма оны таңдарға!
Махаббатты қанат өткен адамдар,
Қыран болып не Аққу боп самғарда!

Махаббатты жыр өтпеген ақын ба?!
Өлең еттім оны мен де жақында...
«Сүйем..!» деген жарды тақап тақымға,
Төңір Ана еттім Құдай хақында!

Артық теңеу айттым екен неге мен?!
Егескім жоқ бұл жайлы Ұлы Иемен...
Тәж кигізіп сыйлаушыға Махаббатты,
Құдай сүйген Жан деп Оны сүйер ем..!

Сүйіп жатып қан тамырым жарылды
Жүректегі Атом – Махаббатым жарылды...
Сенесіз бе, садақа етем жанымды,
Махаббатта қорғағанға Ұят пенен
Арымды!

(Соңы. Басы 3-бетте).

1941 жылдың 9 тамызында Балтық теңізінің Сааремаа аралынан жанармайы Берлинге дейін ұшып барып қайтуға жететін ДБ-3 (ИЛ-4) ұшағымен ұшқыштар Біләл Қалиев, Иван Удовенко және штурман Павел Иоффе фашистердің апаны Берлин қаласын бомбалап қайтады. Фашистер Берлинді бомбалаған кеңес ұшқыштары екеніне сеніңкіремей, бұл ағылшындардың ұшағы болса керек, деп өздерінше тұжырым жасайды. Осы ерлігі үшін Б.Қалиевке Кеңестер Одағының Батыры атағы беріледі.

1942 жылы 12 шілдеде Липецк облысының Добринский ауданы, Хворостянск елді мекені маңында кезекті тапсырманы орындап, кері оралып келе жатқан Біләл Қалиевтің ұшағына фашист истребительдері шабуыл жасап, отқа орайды. Жергілікті

Талай қазақ ерлігі еленбеген

тұрғындар құлаған ұшақтан батырдың мәйітін фашистерден тығылып барып жерлеп қайтады. Ұшақтың қай жерде, қандай жағдайда құлағанынан бейхабар болғандықтан, соғыс кезіндегі қалыптасқан жағдайға байланысты ұшқышты хабарсыз кеткендердің қатарына қосып, бұрынғы жасаған ерліктерін елеусіз қалдырады. Соғыс аяқталғаннан кейін көп жыл өткеннен кейін барып батырдың сүйегін, нақты деректі қызыл ізшілер іздеп табады.

Ұлы Отан соғысы жылдары қазақтың ер азаматтарымен қатар қыздары да құрлықта да, аспанда да шайқасты. Бұрынғы одақ құрамындағы бүкіл ел қазақтың екі батыр қызы Кеңес Одағының батырлары – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованы ғана жақсы біледі. Шындығында осы екі апамыз сияқты қазақтың талай қыздары батырлық жасап, осы жоғарғы атаққа ұсынылса да, ерліктері еленбей қалғанын өркім біле бермесе керек. Өйткені бұл кеңестік империяның дәурен сүрген кезіндегі ішкі құпияларының бірі ғана.

Қазақтың ұшқыш қыздары Атырау облысынан Хиуаз Доспанова, Қарағанды облысынан Дәмелі Жакеева, Көкшетау облысынан Мәдина Ысқақова, Батыс Қазақстан облысынан Қамқа Үмбетәлиева фашистерге талай рет аспаннан ажал оғын септі. Еліміз егемендік алғаннан кейін барып Хиуаз апамызға «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Дәмелі Жакеева «ИЛ-2» ұшағымен аспанға 275, «Пе-2» ұшағымен 82 рет көтеріліп, күндізгі 102, түнгі 272 әуе шайқасына қатысты.

Мәдина Ысқақова үш мәрте Кеңестер Одағының Батыры атанған атақты ұшқыш Иван Кожедубтың борт механигі болып аспанға талай рет бірге көтерілген, көптеген әуе шайқастарының куәсі болды.

Қ.Үмбетәлиева апамыз Украина аспанында фашистермен шайқасып, кейіннен Қиыр Шығысқа аттанып, жапондарды өз еріктерімен тізе бүктіргенше ұшағымен көкке көтерілген.

Екінші дүниежүзілік соғыста Жамал Байтасова, Күлкен Тоқбергенова, Күлжәмила Талқанбаева, Жамила Бейсенбаева сияқты апаларымыз танкіні тізгіндеп сұрапыл шайқастарға қатысып, Литва жерінде ерлікпен қаза тапты. Ұлы Отан соғысында қазақтың ең кем дегенде 20 қызы танкист болған деген дерек ұшырасады. Олардың ешқайсысының ерліктері кезінде лайықты бағаланбаған. Кейбір деректерге сүйенсек, қазақтың танкист қыздарының көпшілігі ашаршылық жылдарында жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленгендіктен, іздеушісі, сұраушысы мүлдем жоқ болғандықтан, ерліктерін елеу былай тұрсын, тіпті аты-жөндері туралы мәліметтерді сақтап қалуға да мән берілмеген.

Дәрігер офицер Алтынжан Нұрғожинава апамыз оқ тиіп жарақаттанған жауынгерлерді емдеумен қатар, қолына қару алып жаумен шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынылып, бұл ерлік те дер кезінде бағаланбаған.

Пулеметші Жәмила Бейсенбаева, зенит артиллериясының командирі Ақлима Ақжолова және басқа қазақ қыздары ер азаматтардан қалыспай қан майданда шайқасты. Әлем халықтарының аңызына айналған ұлы дала амазонкаларының нағыз қыздары, сіңлілері екендігін дәлелдеді.

Біздің қазақ өз егемендігін алып, тәуелсіз ел атанғаннан кейін барып ата тарихын қайта түгендей бастады. Евроцентристік көзқарасты ұстанатындар қазақ батырларының ерлігін бағаламаса, бағаламай-ақ қойсын, біздер ер есімдерін мәңгілікке есте сақтауға міндеттіміз. Бұл бізден кейінгі ұрпақтың нағыз азаматтық парызы.

Екінші дүниежүзілік соғыста қазақтың үш бірдей жауынгері ұлы дивизияға қолбасшылық жасады. Олар – Сабыр Рахымов, Бауыржан Момышұлы және Әбілқайыр Баймолдин. Олардың бәрі қазақ халқының мақтан тұтар перзенттері.

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске қазақ халқы өлшеусіз үлес қосты. Жауға атылған 10 оқтың тоғызын қазақстандықтар, оның ішінде сол 10 оқтың жетеуін Шымкенттің қорғасын заводы шығарды. Сол оқ болып атылатын қорғасынды Лөнгірдің қоңыр көмірі балқытты. Бүкіл еліміздің халқы сияқты біздің жерлестеріміз де неміс басқыншыларымен соғыс кезінде Жеңіс күнін жақындата түсуге көп үлес қосты. Ерлердің есімі ел есінде мәңгілікке сақталуы тиіс.

О.ҮСІПБАЙҰЛЫ.

Мәшһүр Жүсіп оқулары

Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес аудандағы жалпы білім беретін мектептердегі 8-11-сынып оқушылары арасында аудандық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауы өткізілді. Байқауға қатысқан оқушылар философ ақынның рухани мұрасын дәріптеп, әдебиетті, тіл мен өнерді құрмет тұтып, ақынның әдеби-тарихи деректерге толы шығармалары мен фольклорлық жазбаларындағы ұлттың ұлы тұлғаларын таныстырып, 5 бағытта шығармашылық ізденістерін көрсетті.

Нәтижесінде оза шауып, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан оқушылар облыстық кезеңге жолдама алды. Атап айтқанда:

• 1-бағыт – «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» атты ақындар мұшайрасында Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Молдахмет

Сәния;

• 2-бағыт – «Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы» атты ғылыми

зерттеу жобасы номинациясында Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Саматқызы Әлия;

• 3-бағыт – «Білімді, зерек адам болам десең, Қара өзіңді басқаның айнасымен» атты эссе жазу номинациясында Қостөбе жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Сапар Айша;

• 4-бағыт – «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Хандар, батырлар» номинациясында Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Қадыр Аяна;

• 5-бағыт – «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Би-шешендер, жырау-ақындар» номинациясында Өңгірата жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Исахан Балнұр.

Облыстық кезеңге жолдама алған шәкірттер алдағы жауапты кезеңде де өз білімдерін дәлелдеп, жүлдегерлер қатарынан көрінеді деген үміттеміз.



Киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы. Қазақ халқының алғашқы сәулет өнерінің бірі. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы баспанасы болған.

Киіз үй кейінгі қола дәуір, б.з.б. XII–IX ғасырда пайда болып, тарихшылардың кейбір ой-пікірлерінше, андрондық тұрақ үйлеріне ұқсастығы жақынырақ болған-ды. Алайда андрондық үйлер бөренелі тектес лашық үй болған. Сондықтан бұл нұсқаны шындыққа жатқызуға болмайды. Киіз үй жуық шамамен алғанда кейінгі дәуір б.з.б. 8-5 ғасырларда пайда болуы мүмкін. Киіз үй ғұн дәуірінен белгілі. Кейбір ежелгі көшпенділердің мобильді тұрақ үйлері жартасқа салынған суретте сақталып қалған.

Киіз үй – көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы торлап көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге әдетте екі түрлі болады. Оның бірі кең көзді кереге, «желкөз» деп аталады. Бұл артуға жеңіл, бірақ сәнсіз, сүйегі жеңіл болғандықтан, желге төзімсіздеу болып келеді. Екінші түрі тар көзді кереге, «торкөз» деп аталады, ол артуға ауырлау болғанымен, желге өте төзімді. Кереге жиналмалы бөлек-бөлек қанаттардан жасалады. Ал керегеден жоғары сидам, жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылады. Уықтардың басы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастырыла байланып, ұшы (қаламы) шаңырақтың көзіне шаншылады. Шаңырақ – үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған шым ши немесе жалаңаш шиден тоқылған ши ұсталады. Кереге мен уықтар уықбау, кермебау, басқұр, құр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Үйдің ағаштан жасалғандарын «сүйегі» деп атайды. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері – қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылады. Бұл үй киіздері бау-шулар арқылы ұштастырылады. Киіз үйдің есігінің биіктігі бір жарым метр, ені 0,8 метр боп келеді. Оған ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын жарма есік орнатылады. Сықырлауық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы киіз

Киіз үйдің киесі

қаптаған жаппа есік түсіріледі. Үйдің ортасында тамақ пісіретін ошағы болады.Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына тұскиіз ұсталып, төсекті қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық және т.б жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазан-аяқ, саба сияқты ыдыстар



қойылып, шыптамен қоршалады. Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі – күннің аптабы мен түннің дым-сызынан, жауын-шашын мен аңызақтан, бораннан сақтануға ыңғайлы, әрі ауалы, әрі жарық болудың үстіне көші-қонға қолайлы, оны жарты сағат ішінде жығып-артуға да, жарты сағат ішінде көліктен түсіріп, тігіп алуға да болады.

Киіз үйдегі кеңістік – қазақ дүниетанымының тоғысқан жері. Қазақ халқы киіз үйді әрқашанда киелі санап, құрмет тұтқан. Бір ғана үйдің ішінде қазақтың таусылмас тарихы жатыр. Сол тарихымызды өрмен қарай жалғастырып, гүлдендіріп, атадан балаға мұраға қалдыру әрбір қазақтың міндеті. Жүрегі қазақ деп соққан әр азамат өз тарихын, салт-дәстүрін, рухани құндылықтарын мақтан тұтып, дәріптеп жүреді.

Б.АБДСЕИТ,
аудандық музей қызметкері.

Құттықтаймыз!

Төлеби аудандық білім бөлімінің химия және биология пәндерінің әдіскері **РҮСТЕНБЕК Гүлзінат Мекенбайқызын** туған күнімен құттықтаймыз!

Құрметті Гүлзінат Мекенбайқызы! Сізге ауданның білім саласына қосқан еңбегіңіз бен әдістемелік қолдауыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Ұстаздар мен оқушылардың жетістігіне жол ашып, ғылымға деген қызығушылықты арттыруға қосқан үлесіңіз – үлкен құрметке лайық.

Осынау қуанышты күні отбасыңызға амандық, зор денсаулық, шығармашылық табыс пен сарқылмас шабыт тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, ел игілігі жолында биік белестерді бағындыра беріңіз!

Туған күнде нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз!
Еткен еңбек әрқашанда еленіп,
Абыройдың биігінде жүріңіз!

Туған күндер думан-тойға жалғассын,
Шаттық сыйлар күндер алда алмассын.
Орындалып барлық арман-мақсаттар,
Өмір жолда қанатыңыз талмасын!

Ізгі тілекпен, аудан мен қала мектептерінің химия және биология пәні мұғалімдері.

«Кел, билейік!»
би байқауы

Аудандық мәдениет үйінде Халықаралық би күніне орай би үйірмелерінің шығармашылығына қолдау көрсету және би жанрын насихаттау, жас ұрпаққа би өнерін дәріптеп, көркемдік талғамы мен танымдық көзқарасын кеңейту мақсатында «Кел, билейік!» аудандық би байқауы өтті.

Байқауға алдын-ала іріктеуден өткен 14 би ұжымы қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Қазылар алқасының шешімімен төмендегі би ұжымдары жүлделі орындарға ие болды: бас жүлде – «Сырғалым» би



тобы (Сарқырама ауылдық мәдениет үйі); I орын – «Айгөлек» би тобы (Көксәйек ауылдық мәдениет үйі); II орын – Шерзат Кәусар (аудандық оқушылар үйі); II орын – «Қазына» би тобы (аудандық оқушылар үйі); III орын – «Ақ кербез» би тобы (Зертас ауылдық мәдениет үйі); III орын – «Тұмар» би тобы (Қайнар ауылдық клубы).

«Төлеби-ақпарат».

Өл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы осы мектептің техникалық қызметкері Толаметова Гулсараға ағасы

МИРХОДИЕВ Хайрулланың

қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Сәуірдің 10-14-і күндері Біріккен Араб Әмірліктерінде IV Халықаралық «Dubai Art Festival» атты конкурс-фестиваль өтті. Әртүрлі елдердің балалары арасындағы шығармашылық, мәдени және достық байланыстарды нығайту; шығармашылық топ жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттыру; дарынды жастардың

Жетекшісі Қамбарова Айнұр; Бақадыр Әлинұр (12 жас, орта топ)

домбырада Дәулеткерейдің «Түркімен» күйін орындады. Жетекшісі Құрманбаев Ғани; Әлібек Нұрмұхаммед (13 жас, орта топ) қылқобызда Қуат

● Бәрекелді!

Дубайдан Гран-при жүлдесімен!

шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға қолдау көрсету мақсатында өткізіліп тұратын конкурс-фестивальға әртүрлі жас санаттары бойынша мәдениет мекемелерінің ансамбльдері, солистері, фольклорлық топтар, балалар өнер, музыка, хореографиялық мектептерінің оқушылары, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің және басқа да оқу орындарының көркемөнерпаздар ұжымдары қатысты. Қатысушылар вокал өнері, хореография, аспаптық өнер, көркемсөз оқу жанрлары бойынша сынға түсті.

Дубай қаласында өткен конкурсқа Ленгир қалалық саз мектебінің оқушылары да қатысып қайтты. Қатысып қана қоймай, түрлі жанрда өнер көрсетіп, бас жүлдемен оралды!

Өз өнерлерімен тәнті етіп, Гран-при жүлдесін иеленген оқушылар: Махамбетқали Молдағали (10 жас, кіші топ) қылқобызда поппурри орындады. Жетекшісі Рысбаев Кайрат; Бақадыр Әлинұр (12 жас орта топ) көркем сөз жанры бойынша Ә.Қайранның «Қасқыр» шығармасын оқыды. Жетекшісі Аширбай Жанболат; Бақадыр Шұғыла (10 жас, кіші топ) би жанры бойынша Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйіне би биледі.



Шілдебаевтың «Қаракемер» күйін орындады. Жетекшісі Рысбаев Кайрат.

Бас жүлдені жеңіп алған осы оқушылардың барлығы аталған конкурс-фестивальдің дипломымен марапатталып, медальға ие болды. Ал жетекшілеріне сертификат пен Алғыс хат табыс етілді.

Халықаралық конкурсқа қатысушылардың өнеріне кәсіби мамандар, алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының профессорлары және өнер мектептерінің педагогтары қазылық жасады.

Облыстық байқау жеңімпаздары

Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында өткен Ілияс Жансүгіров оқуларының облыстық кезеңінде «Ілияс – эпик ақын» атты шығарманы жалғастыру номинациясы бойынша Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Абдуалы Нұрбек I орынды иеленді. Байқауға дайындаған ұстазы Тілемісова Бағила.

Сондай-ақ тағы бір төлебилік шәкірт байқаудың «Ілияс – қарасөз шебері» атты көркемсөз оқу номинациясы бойынша 1-орынға лайық деп танылды. Ол Әңгірата жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Исахан Балнұр. Мұғалімі Төлеметова Қарашаш.

Жуырда өткен «ProEco» облыстық конкурсында ауданымыздың үш бірдей мектебінің оқушылары бірінші орын иегері атанды. Олар «Үздік экологиялық бастама» бағыты бойынша «Гидропоника шаруашылығы – табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың бір

жолы» тақырыбындағы жобасын қорғаған М.Х.Дулати атындағы жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушылары Әлімжан Нұрислам мен Абдрахман Аяжан. Бұл жоба еліміздің табиғи ресурстарын тиімді, ұтымды пайдаланып, болашақ ұрпаққа жеткізу, жер қабатын жыртып зақымдамайтын, эрозияға ұшыратпайтын, суды, сондай-ақ электр энергиясын 4-5 есе үнемдеуге үлес қосатын, қара жұмыс күшін қолданбайтын, автоматикаға негізделген жаңа егін шаруашылығын ауданымызда дамытуды көздейді. Жетекшісі биология пәнінің мұғалімі Арыстанова Әйгерім Ермеқожақызы.

«Туған өлке табиғаты» бағыты бойынша Қасқасу шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Шари Несібелінің «Қасқасу табиғатының сырлары» тақырыбындағы жобасы Қасқасу табиғатының көптеген сырға толы өсімдіктерін анықтауға және тарихи орындарды дәріптеуге негізделген. Жетекшісі биология пәні мұғалімі Мамаева Гүлден Бөрібекқызы.

«Таза қала сізден басталады» бағыты бойынша Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің 7-сынып оқушысы Лезгиева Асия. Жоба тақырыбы «Тазалық таразысы» деп аталады. Төлеби ауданы таулы аймақ болғандықтан, туристер мен демалушылар көптеп келеді. Соның салдарынан көркем табиғатымыз бейберекет тасталған қоқыстармен ластануда. Оның бірден-бір себебі демалушылардың тазалықты сақтамауында. Қоршаған ортаның ластануы тұрғындардың денсаулығына, табиғатқа зиянын тигізеді. Бұл жоба осы проблеманы шешуге бағытталған. Ол ауыл тұрғындарының экологиялық мәдениетін арттырып, қоршаған ортаны таза ұстауға шақырады. Жетекшісі биология пәні мұғалімі Абдешова Гүлмира Беглербекқызы.

Облыстық конкурста 1-орынды иеленген төлебилік шәкірттер республикалық кезеңге жолдама алды. Құттықтаймыз!

«Төлеби-ақпарат».

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы**
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл Мамытханова
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспаханың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгир қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.